

**«ҚАЗПОШТА» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ
СТРАТЕГИЯ ЖӘНЕ ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ
КОМИТЕТТІҢ 2020 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ
ЕСЕП**

**«Қазпошта» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегия және дамыту жөніндегі
комитеттің 2020 жылғы қызметі туралы
ЕСЕП**

1. Директорлар кеңесінің Стратегия және даму комитетінің қызметін ұйымдастыру

Стратегия және даму комитеті Қоғамның Директорлар кеңесіне толық есеп береді және өз қызметін Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 24 қазандағы шешімімен бекітілген «Қазпошта» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегия және даму комитеті туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Комитет қызметінің мақсаты мәселелерді терең және мұқият қарау және қабылданатын шешімдердің сапасын арттыру үшін Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру болып табылады.

Комитеттің міндеттері Қоғамның Директорлар кеңесіне мәселелер бойынша шешімдер қабылдау үшін мынадай ұсынымдар беру болып табылады:

1) Қоғамның даму стратегиясын айқындау және оның іске асырылуының мониторингі;

2) Қоғамның ұзақ мерзімді кезеңде дамуының стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін қарау және бекіту;

3) Қоғамның инновациялық стратегиясын іске асыру;

4) Қоғамның инвестициялық қызметін іске асыру;

5) «Қазпошта» АҚ цифрлық трансформациялау бағдарламасын іске асыру;

6) Қоғамды жекешелендіру мәселелерін қарау;

7) орнықты даму, сондай-ақ Қоғамның мүдделі тараптарымен өзара іс-қимыл жасау мәселелері бойынша.

Қоғамның Жарғысына сәйкес Комитеттің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның төрағасы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.

Комитет төрағасы болып «Қазпошта» АҚ Аға тәуелсіз директоры Жандосов Ораз Әлиұлы сайланды, бұл Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, сондай-ақ корпоративтік басқарудың үздік халықаралық тәжірибесіне жауап береді.

2020 жылы «Қазпошта» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегия және даму комитетінің құрамына келесілер кірді:

1-кесте. Стратегия және даму комитетінің құрамы (01.01.2020 жылғы жай-күйі бойынша)

Стратегия және даму комитетінің құрамы			
№	Т.А.Ә.	Лауазымы	Сайланған күні
1	Жандосов Ораз Алиевич	Комитет төрағасы, «Қазпошта» АҚ Аға тәуелсіз директоры	2018 жылғы 6 қыркүйек
2	Саудабаев Серик Болатович	Комитет мүшесі, «Самыруқ-Қазына» АҚ активтерін басқару дирекциясының «Көлік және коммуникация» секторының басшысы	2018 жылғы 6 қыркүйек
3	Жуков Дмитрий Николаевич	Комитет мүшесі, «Қазпошта» АҚ Тәуелсіз директоры	2018 жылғы 6 қыркүйек
4	Дагарова Алия Мейрамовна	Комитет сарапшысы, «Самыруқ-Қазына» АҚ активтерін басқару дирекциясының «Көлік және	2018 жылғы 6 қыркүйек

	коммуникация» секторының аға менеджері	
--	--	--

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2020 жылғы 5 қазандағы №36/20 шешіміне сәйкес:

1) Олег Михайлович Кирюхиннің Директорлар кеңесінің мүшесі – «Қазпошта»АҚ Тәуелсіз директоры ретіндегі өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды. Осыған байланысты оның Комитет мүшесі ретіндегі өкілеттігі автоматты түрде тоқтатылды;

2) Дмитрий Николаевич Жуковтың Директорлар кеңесінің мүшесі – «Қазпошта»АҚ Тәуелсіз директоры ретіндегі өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды. Осыған байланысты оның Комитет мүшесі ретіндегі өкілеттігі автоматты түрде тоқтатылды;

3) «Қазпошта» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – Тәуелсіз директоры болып Бахтиер Назаралиұлы Эшонқұлов сайланды;

4) «Қазпошта» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – Тәуелсіз директоры болып Луис Медейрос сайланды.

Бұдан әрі, «Қазпошта» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 28 қазандағы № 11/20 шешімімен Комитеттің келесі құрамы анықталды:

2-кесте. Стратегия және даму комитетінің құрамы (28.10.2020 жылғы жай-күйі бойынша)

Стратегия және даму комитетінің құрамы			
№	Т.А.Ә.	Лауазымы	Сайланған күні
1	Жандосов Ораз Алиевич	Комитет төрағасы, «Қазпошта» АҚ Аға тәуелсіз директоры	2020 жылғы 28 қазан
2	Саудабаев Серик Болатович	Комитет мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ активтерін басқару дирекциясының «Көлік және коммуникация» секторының басшысы	2020 жылғы 28 қазан
3	Луис Медейрос	Комитет мүшесі, «Қазпошта» АҚ Тәуелсіз директоры	2020 жылғы 28 қазан
4	Дагарова Алия Мейрамовна	Комитет сарапшысы, «Самұрық-Қазына» АҚ активтерін басқару дирекциясының «Көлік және коммуникация» секторының аға менеджері	2020 жылғы 28 қазан

Комитет Комитеттің сарапшысы А.М. Дагарованың жұмысына оң баға береді.

А.М. Дагарова Комитет жұмысының тиімділігін арттыруға ықпал ететін қажетті кәсіби білімі бар жоғары білікті маман болып табылады.

2. Директорлар кеңесінің Стратегия және даму жөніндегі комитетінің 2020 жылғы қызметі

2019 жылғы 12 желтоқсанда Комитет 2020 жылға арналған жұмыс жоспарын бекітті.

2020 жылы Комитеттің 7 күндігі отырысы өткізілді. Отырыстардың күн тәртібіне сәйкес Комитет 33 мәселені қарады және «Қазпошта»АҚ Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар берді. Даму стратегиясын орындау бойынша бірыңғай есепті Комитет тоқсан сайын қарайды және пошталық және қаржылық бизнестің, сондай-ақ агенттік қызметтер мен электрондық коммерцияның барлық көрсеткіштерін қамтитын көлемді есеп болып табылатынын айта кету керек.

2019 жылы Директорлар кеңесіне толық және жан-жақты ақпарат беру мақсатында «Қазпошта» АҚ Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі бірыңғай есепке (бұдан әрі – Бірыңғай есеп) 5 есеп біріктірілді, бұл мынадай есептер:

- «Қазпошта» АҚ Жалғыз акционердің күтулерін іске асыру барысы туралы ақпарат;
- «Қазпошта» АҚ даму стратегиясын іске асыру бойынша іс-шаралардың орындалу барысы туралы есеп;
- «Қазпошта» АҚ Бизнес жоспарының орындалуы туралы есеп;
- «Қазпошта» АҚ маркетингі бойынша есеп;
- ПЕЖ (пошта-есеп жүйесі) бағдарламалық қамтамасыз ету бойынша есеп.

Бұдан әрі, 2020 жылдан бастап, Бірыңғай есеп цифрландыру және ақпараттық технологиялар бағыты бойынша ақпаратпен толықтырылды. Бұл ретте Комитет Бірыңғай есепті мұқият қарап, талқылайды, содан кейін Директорлар кеңесіне салмақты ұсынымдар береді. Сондай-ақ, жоғарыда көрсетілген мәселе бойынша «Қазпошта» АҚ барлық жетекшілік ететін Басқарушы директорлары - Басқарма мүшелері дәйекті түрде блоктар бойынша баяндап отыратынын атап өткен жөн: стратегия және қаржы блогы, пошталық (оның ішінде e-com және логистика), қаржылық (оның ішінде агенттік қызметтер) және АТ блогы.

Цифрлық трансформация бойынша жол картасында да ұқсас жағдай, «Қазпошта» АҚ инвестициялық жобаларының ағымдағы мәртебесі» және «Қазпошта» АҚ Цифрлық трансформация бойынша жол картасын іске асыру барысы туралы» екі есеп: «Қазпошта» АҚ Цифрлық трансформация бойынша жол картасын іске асыру барысы туралы» тақырыбында бір есепке біріктірілді, оны да Комитет тоқсан сайынғы негізде қарайды.

Есепті кезеңде Комитет отырыстарында Комитеттің құзыретіне кіретін қызметтің барлық мәселелері қаралды.

Стратегия және Қоғамның ұзақ мерзімді даму мәселелері бойынша

COVID-19 коронавирусының таралуына байланысты пандемияға (бұдан әрі – пандемия) байланысты «Қазпошта» АҚ-ның 2020-2024 жылдарға арналған Бизнес-жоспарына өзгерістер мен толықтыруларды Комитет екі рет жан жақты қарады және «Қазпошта» АҚ Директорлар кеңесінің бекітуіне ұсынды: 2020 жылғы 5 наурыда және 2020 жылғы 14 мамырда.

Сонымен қатар, егжей-тегжейлі қарастырылып, бекітуге мыналар ұсынылды:

- «Қазпошта» АҚ-ның 2021-2025 жылдарға арналған Бизнес жоспары;
- «Қазпошта» АҚ-ның 2027 жылға дейінгі жаңа редакциядағы Даму стратегиясы;
- 2021-2025 жылдарға арналған трансформациялау жобаларының портфелі;
- Жаңа редакциядағы «Қазпошта» АҚ-да банк операцияларын жүргізудің жалпы шарттары туралы ереже;
- «Қазпошта» АҚ 2027 жылға дейінгі Даму стратегиясын орындау бойынша бірыңғай есеп (тоқсан сайын). Сондай-ақ, 2019 жылдың қорытындысы бойынша бұл есеп екі рет қаралғанын атап өткен жөн: 2020 жылғы 11 ақпанда (алдын ала) және 2020 жылғы 14 мамырда.

2020 жылы Комитет «Қазпошта» АҚ Даму стратегиясына көп көңіл бөлді:

- 1) 2020 жылғы 18 қыркүйекте «Қазпошта» АҚ Даму стратегиясын өзектендіру мәселесі бойынша стратегиялық сессия өткізілді;
- 2) өткізілген стратегиялық сессияның қорытындысы бойынша «Қазпошта» АҚ-ның 2027 жылға дейінгі қолданыстағы даму стратегиясын өзектендіру бойынша ұсынымдар берілді;
- 3) 2020 жылғы 02 қарашада «Қазпошта» АҚ Даму стратегиясы бекітуге ұсынылды

Бұдан басқа, 2020 жылы «Қазпошта» АҚ-да тағы 2 стратегиялық сессия өткізілді, оған «Қазпошта» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегия және даму комитетінің мүшелері қатысты:

1) 2020 жылғы 17 маусымда «Қазпошта» АҚ Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау қызметінің тиімділік аудитінің нәтижелері бойынша қабылданған шаралар туралы» тақырыбында;

2) 2020 жылғы 24 маусымда «Қазпошта» АҚ ақпараттық технологиялар» тақырыбында өтті.

«Қазпошта» АҚ цифрлық трансформация мәселелері бойынша

«Қазпошта» АҚ Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 12 желтоқсандағы тапсырмасына сәйкес, «Қазпошта» АҚ Цифрлық трансформациялау бағдарламасының 2020 жылға арналған бөлшектенген түпкі нәтижелеріне қол жеткізу бойынша жол картасына толықтырулар қаралды және Директорлар кеңесінің бекітуіне ұсынылды.

Тоқсан сайынғы негізде «Қазпошта» АҚ цифрлық трансформациялау жөніндегі жол картасын іске асыру барысы туралы егжей-тегжейлі есеп қаралды, оның ішінде оларды табысты іске асыру үшін ұсынымдар берілді.

Бұдан басқа, «Қазпошта» АҚ-ның 2021 жылға арналған цифрлық трансформация жөніндегі жол картасы, сондай-ақ (пандемияға байланысты) «Қазпошта» АҚ-ның 2020 жылға арналған цифрлық трансформация жөніндегі жол картасына өзгерістер қаралып, бекітуге ұсынылды.

Келесі мәселелер егжей-тегжейлі қаралды:

- «Пошталық-есеп жүйесі» бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдану нәтижелері;
- «Қазпошта» АҚ цифрландыру стратегиясын іске асыру бойынша есеп;
- «Қазпочта» АҚ пошталық бизнес мәселелері;
- «Қазпошта» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегия және даму комитетінің 2019 жылғы есебі;
- «Қазпошта» АҚ «Республикалық арнайы байланыс қызметі» филиалының қызметі туралы ақпарат;
- post.kz мобильді қосымшаның бәсекеге қабілеттілігі туралы мәселелер;
- «Қазпошта» АҚ маркетингтік зерттеулер, сондай-ақ маркетинг жұмысын ұйымдастыру жөніндегі ақпарат (екі рет);
- «Қазпошта» АҚ брокерлік қызметін дамыту бойынша ақпарат;
- «Қазпошта» АҚ-ның 2019 жылғы жылдық есебі, сондай-ақ «Қазпошта» АҚ-ның тұрақты дамуының экологиялық құрамдас бөлігі туралы ақпарат.

Жартыжылдық негізде қаралып, назарға алынды:

- еншілес және тәуелді ұйымдарды басқару туралы, сондай-ақ еншілес және тәуелді ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметі нәтижелерінің «Қазпошта» АҚ қызметінің көрсеткіштеріне әсері туралы.

- «Қазпошта» АҚ тұрақты дамуы туралы есеп;

Сондай-ақ, Комитет өзге де мәселелерді қарады:

- «Қазпошта» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегия және даму комитетінің 2019 жылғы қызметі туралы есеп;

- «Қазпошта» АҚ қызметіне коронавирустық инфекцияның (Covid19) әсерін азайту бойынша шаралар туралы;

- «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы А.С. Есімовтің «Қазпошта» АҚ-ның көшпелі тыңдауында берілген тапсырмаларын орындау бойынша ақпаратты қарау туралы.

3-кесте. Стратегия және даму комитетінің отырыстары (31.12.2020ж. жай-күйі бойынша)

Стратегия және даму комитеті мүшелерінің 2019 жылғы отырыстарға қатысуы				
№	Т.А.Ә.	Барлық отырыстар (саны)	Отырыстарға қатысу (саны)	Отырыстарға қатысу (%)
1	Жандосов Ораз Алиевич	7	7	100
2	Саудабаев Серик Болатович	7	7	100
3	Жуков Дмитрий Николаевич	5	5	100
4	Луис Медейрос	2	2	100
5	Дагарова Алия Мейрамовна	7	7	100

Төраға Ораз Әлиұлы Жандосов Басқарма мүшелерімен және «Қазпошта» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің басшыларымен «Қазпошта» АҚ қызметі мәселелері бойынша бірқатар кездесулер өткізді.

4. Стратегия және даму комитетінің қызметін бағалау

Комитеттің 2019 жылғы қызметін бағалау Қоғамның Директорлар кеңесінің қызметін өзін-өзі бағалау шеңберінде жүргізілді. 2019 жылғы өзін-өзі бағалау нәтижелері Қоғамның Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 19 мамырдағы отырысында қаралды. Өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша қызметті жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспары қабылданды.

Комитеттің 2020 жылғы қызметін бағалау 2021 жылы Корпоративтік басқару диагностикасы шеңберінде жүргізілетін болады.

5. Қорытынды

Комитет 2020 жылы Комитет туралы ережеге, сондай-ақ Комитеттің 2020 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес, мақсаттарын, міндеттері мен функционалдық міндеттерін толық көлемде орындады.

Комитет отырыстарының күн тәртібінің барлық мәселелерін егжей-тегжейлі қарап, «Қазпошта» АҚ Директорлар кеңесі қабылдаған салмақты және егжей-тегжейлі ұсынымдар берді.

Комитеттің жұмысы Жалғыз акционердің «Қазпошта» АҚ Директорлар кеңесі мен «Қазпошта» АҚ корпоративтік басқармасы жұмысының тиімділігін арттыруға қатысты кутулеріне жауап беретінін атап өткен жөн.